

**2-апта (08.11-12.11.2021 жыл)  
№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

**Апталық тақырып:** "Жеміс бағында"

**Мақсаты:** Балалардың жемістер мен көкөністер туралы ұғымдарын қалыптастыру, денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Балаларға өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Судың адам тіршілігі үшін қажеттілігін түсіндіру.

**Міндеттері:**

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес кимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;
- Өздерінің дене мүшелері(қол,аяқ,бас,көз,күлак, т.б)олардың атқаратын қызметтері туралы түсінедіжәне оларды айтып береді.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.11.2021	Сейсенбі 09.11.2021	Сәрсенбі 10.11.2021	Бейсенбі 11.11.2021	Жұма 12.11.2021
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалармен амандасу,тазалықтары мен дене қызуы мен жарақаттары жоқ па тексеріп,қабылдау демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.				
<b>Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу</b>	Ата-аналармен амандасу Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау.				
<b>Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Өз үйінді тап». <b>Мақсаты:</b> түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұзын-қысқа». <b>Мақсаты:</b> өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету, тапсырманы орындауға жаттықтыру.	<b>Қимылдық ойын:</b> « Паравоз ». <b>Мақсаты:</b> балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> "Тазалыққа не қажет?" <b>Мақсаты:</b> балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру.	<b>Саусақ ойыны:</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр. Шылдыр шүмек сен де тұр. Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Таңертеңгілік жаттығу кешені "Сағаттар"</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыруға дағдыландыру. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң алғыс айтуға үйрету.				

<p>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл кім?" <b>Мақсаты:</b>Балалардың өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Тазалыққа не қажет?" <b>Мақсаты:</b> Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру.</p>	<p>Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?" <b>Мақсаты:</b>Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Затты ал" <b>Мақсаты:</b>Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Адамдардың киімдерін бақылау" <b>Мақсаты:</b> Балалардың назарын адамдардың киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p><b>1."Таным" Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жемістер, олар қандай?» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, олардың түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету арқылы алма, алмұртты тани білуге баулу. Табиғатты қорғауға баулу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, қорытындылау. <b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер <b>«Сықырлы суреттер» дидактикалық ойын</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.</p>	<p><b>1."Шығармашылық" Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апорт деген тәтті алма» Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірдей ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жемістер мен көкөністер» <b>2."Денсаулық" Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Егінді жинаймыз» <b>Мақсаты:</b> Үлкендердің еңбектерің бағалай отырып пісіп жерге түскен жеміс жидектерді басып</p>	<p><b>1."Шығармашылық" Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Вазадағы ши» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жемісімен таныстыру. Сызылған контурдың ішіне бояуды саусақпен жағуға үйрету. Қызыл түсті тануды жалғастырып, баланың ұсақ қол моторикасын, көз мөлшерін дамыту. Сурет салуға деген қызуғушылықтарын жетілдіру. <b>"Қатынас" Қоркөм әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жемістер жыры» (өлеп) Рза Қунақова <b>Мақсаты:</b> Коммуникативті дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>1."Шығармашылық" Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апорт деген тәтті алма» Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев <b>Мақсаты:</b> Балаларға жемістер туралы түсіндіру. Әнді қайталату. Би қимылдарын көрсету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Саңырауқұлақтар» биі <b>2."Денсаулық" Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біз табиғатта серуендейміз» <b>Мақсаты:</b> Балаларға табиғаттың қарапайым өзгерістерін бақылауға, күз мезгілінің</p>	<p><b>1."Денсаулық" Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күзгі орман» <b>Мақсаты:</b> Балаларға қоршаған табиғатқа қамқорлықпен қарауға, маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту.Түзу жолмен шектелген сызықтармен ( ені 30см, ұзындығы 2м ) жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. Дөпты төменнен бастан асыра қос қолмен лақтыру. Тірек қимыл</p>

		<p>кетпей, қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүріп дәмді жемістерді теру.</p>	<p>Жемістерді (алма, өрік, кара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, жұмбақтар шешу, қорытындылау.</p> <p><b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p><b>"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» дидактикалық ойын</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.</p>	<p>құбылыстарын адырата білуге үйрету. Қол ұстасып жұппен жүру. 10 м арақашықтықта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Допты тәрбиешіге қос қолмен домалату.</p>	<p>апараттарын нығайту .</p> <p><b>2. "Таным"</b></p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алма мен алмұрт»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Екіге бөлінген затты орналастыра білуге үйрету, жемістердің пішінін, түсін ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, қорытындылау.</p> <p><b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p><b>«Түрлі-түсті жолақтар»</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білудеріне үйрету.				
Серуен	<p><b>1. Бақылау:</b> Ауа райын бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Жалаушаға қарай жүгір».</p> <p>Мақсаты: балалардың жылдамдығын арттыру.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Әлжаннан отбасы туралы әңгімелесу.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Аула ішін бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы тастарды жинату.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Автомобильдер мен торғайлар».</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Рахманнан түстерді сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Бұлттарды бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ересек балаларды бақылау.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Маған қарай жүгіріндер».</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Сезінінен көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Күз мезгілін бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Құстарды бақылап, оларға жем беру.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен мысық».</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Инжуден өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Аспанды бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> "Күн мен жаңбыр".</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Шамильден аты-жөнін сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті-қолдарын жуу,сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету.				
Түскі ұйқы	Балаларға ертегі айта отырып, ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату.				
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	<p>"Біз көңілді қуыршақпыз" әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Өз үйіңді тап».</p> <p><b>Мақсаты:</b> түстерді ажыратуға жаттықтыру;</p>	<p>Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды</p>	<p>Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру.Ертегі арқылы</p>	<p>Табиғат бұрышындағы жұмыстарды: гүлдерге су құю, жапырақтарын</p>

		кабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.	тарту.	тілдерін дамыту	сұрту. Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекетіне ынталандыру.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Әлжаннан қарындашты дұрыс ұстай білуіне жеке жұмыс жүргізу.	Сезімнен айтылған сөзді анық, даусын шығарып, дұрыс қайталап айтуға үйрету.	Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау.	Інжуден түстерді үйрету.	Шамильден кимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау.
<b>Серуенге дайындық</b>	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p><b>1.Бақылау:</b> Жердегі жапырақтарды бақылау.</p> <p><b>2.Қимылдық ойын:</b> «Күн мен жаңбыр».</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Ағаштарды бақылау.</p> <p><b>2.Қимылдық ойын:</b> «Ұшақтар».</p> <p>Мақсаты: балаларды қолдарын тіке ұстауға, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Кешкі ауа райын бақылау.</p> <p><b>2.Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен мысық».</p> <p>Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету.</p> <p><b>3. Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Көліктерді бақылау.</p> <p><b>2.Қимылдық ойын:</b> «Пойыз».</p> <p>Мақсаты: балаларды бір-бірінің соңынан тіке жүре білуге үйрету.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Күзгі өзгерістерді бақылау.</p> <p><b>2.Қимылдық ойын:</b> «Күн мен түн».</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>
<b>Балалардың үйіне қайтуы.</b>	Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту.	Ата-аналарға балалардың дене формаларын сақтауларын айту.	Балабақша тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.